

Бастауыш, негізгі орта және
 жалпы орта білімнің жалпы
 білім беретін оқу
 бағдарламаларын іске
 асыратын
 білім беру үйымдарына оқуға
 қабылдаудың үлгілік
 қағидасына
 1-қосымша

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін
 бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствоның
 бағыныстырығына қарамастан білім беру үйымдарына құжаттарды
 қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметті көрсету
 стандарты**

Ескерту. 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 03.06.2021 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | 1) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы; 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі | Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде – бір жұмыс күні. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына оқудың күндізгі және кешкі нысанына қабылдау үшін – құнтізбелік жылдың 20 тамыздан кешіктірмей. 1 сиынп үшін күнтізбелік жылдың 1 тамызына дейін, 10 сиынп үшін күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін |
| 4 | Мемлекеттік | Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз |

| | | |
|---|--|---|
| | көрсетілетін қызметтің нысаны | турінде |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелері | <p>Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап орта білім беру үйіміна қабылдау және оқуға қабылдау туралы хабарлама алады, құжаттардың толық емес пакетін ұсынған кезде - бас тарту себебін көрсете отырып, дәлелді бас тарту туралы хабарлама келеді.</p> <p>- көрсетілетін қызметті берушіге:</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші қабылдау барысында ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап өз аумағынан өтініш берген үш көрсетілетін қызметті алушыға, содан кейін - басқа аумақтан алдыңғы тіркелгендер қатарынан 1 (бір) үміткерге ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап қабылданғаны туралы хабарлама жолдайды.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде (қағаз жүзінде) - ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім беру үйіміна қабылдағаны және оқуға қабылданғаны, құжаттардың толық емес пакетін тапсыру кезінде - бас тартудың себебін көрсете отырып, дәлелді бас тарту туралы хабарлама беріледі.</p> |
| 6 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |

| | | |
|---|---------------|--|
| | | <p>1) көрсетілетін қызметті беруші - 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.gov.kz порталында орналасқан.</p> |
| 7 | Жұмыс кестесі | <p>- порталға:</p> <p>1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 1-қосымшасының нысанына сәйкес өтініш;</p> <p>2) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 148139 болып тіркелген) бекітілген № 065/у нысанды денсаулық жағдайы туралы анықтама және "Бала денсаулығы паспорты" 026/у-3 есеп нысаны, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бұйрығымен бекітілген № 026/у-3 нысан (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2423 болып тіркелген);</p> <p>3) баланың 3x4 см өлшеміндегі цифрлық фотосуреті.</p> <p>- көрсетілетін қызметті берушіге:</p> |

1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 1-косьымшасының нысанына сәйкес өтініш;

2) жеке басын растайтын құжаттың түпнұсқасы (түпнұсқасы сәйкестендіру үшін қажет, ол көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады);

3) денсаулық жағдайы туралы анықтама ("Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 148139 болып тіркелген) бекітілген № 065/y нысанды денсаулық жағдайы туралы анықтама және "Бала денсаулығы паспорты" 026/y-3 есеп нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2423 болып тіркелген) бекітілген № 026/y-3 нысан;

4) баланың 2 данада 3x4 см өлшеміндегі фотосуреті. Шетелдік және азаматтығы жоқ көрсетілетін қызметті алушылар өздерінің мэртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар мынадай құжаттардың бірін ұсынады:

1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;

2) азаматтығы жоқ адам – азаматтығы жоқ адамның жеке қуәлігі;

3) босқын – босқын қуәлігі;

4) пана іздеуші – пана іздеуші адамның қуәлігі;

5) қандас – қандас қуәлігі.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын қуәландыратын құжат, баланың туу туралы қуәлігі, мекенжай анықтamasы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзінде арқылы алады

| | | |
|----|--|---|
| | | Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар тұындаған жағдайларда № 065/y и 026/y-3 нысандағы медициналық анықтамаларды көрсетілетін қызметті алушылар осы аумақта шектеу іс-шараларын алып тастауға, төтенше жағдайдың қолданысын тоқтатуға қарай тікелей білім беру үйымдарына ұсынады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметтер көрсетуден тартуы | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған құжаттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 546 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 бас тіркелген) Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) сынып-жинақталымының шамадан тыс толуы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде аспайды. электрондық нысанда және өкілдерінің) ЭЦК болған жағдайда портал арқылы нысанда алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік корпорация арқылы ұсыну ерекшеліктерін ескеретін өзге де талаптары | Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 (жиырма) минут. Қызмет көрсетудің ең ұзақ мерзімі 15 минуттан Көрсетілетін қызметті алушы ата-анасының (занды өкілдерінің) ЭЦК болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы, және бірыңғай байланыс- |

орталығы (1414), 8-800-080-7777 арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

Ушінші тұлғалардың қызмет алу шарттары: Порталдағы "жеке кабинеттен" ақпарат сұрапатын тұлғаның келісімімен, үшінші тұлғалардың электрондық сұранысы.

"Бастауыш, негізгі орта,
жалпы
орта білім берудің жалпы
білім
беретін бағдарламалары
бойынша оқыту үшін
ведомстволық
бағыныстылығына
қарамастан
білім беру үйымдарына
құжаттарды қабылдау және
окуға қабылдау" мемлекеттік
қызмет көрсету стандартына
қосымша
Нысан

білім беру үйымының атауы

директордың ТАӘ
(болған жағдайда)
кімнен _____
ата-ананың (занды өкілдің)
ТАӘ (болған жағдайда)
Телефоны:

Өтініш

Мениң балам _____
(Т.А.Ә. (болған жағдайда))

(елді мекенниң, ауданның, қаланың және облыстың атауы)

тіркелген мекенжайы бойынша

(білім беру үйымының толық атауы) қабылдауды сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

_____ " ____ 20__ жыл

(қолы)